

## 2020-2022 жылдарға арналған Петропавл қаласының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 5778 болып тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 19.03.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 9-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Петропавл қаласының бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 48 310 181,4 мың теңге:

салықтық түсімдер – 14 640 745 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 105 800 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 666 574,6 мың теңге;

трансферттер түсімі – 31 897 061,8 мың теңге;

2) шығындар – 56 932 737,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 444 024 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 3 000 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 447 024 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 178 532,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 178 532,3 мың теңге:

қарыздар түсімі – 12 788 733,4 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 6 881 260 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 271 058,9 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 20.10.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі)**

шешімдерімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 23.11.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен

2. 2020 жылға арналған қала бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптасады деп анықталсын:

1) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салықтан;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салықтан;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығынан;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығынан;

5) тіркелген салықтан;

6) мыналарға акциздерден:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына;

7) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыдан;

8) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымнан;

9) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақыдан;

10) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақыдан;

11) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баждан.

3. Қала бюджеті келесі салықтық емес түсімдерден қалыптасады деп анықталсын:

аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерден.

4. Қала бюджеті негізгі капиталды сатудан түсетін келесі түсімдерден қалыптасады деп анықталсын:

облыстық маңызы бар қала бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақшадан;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерден;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақыдан.

5. 2020 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттердің түсуі есепке алынсын, соның ішінде:

1) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

2) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

3) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақыға;

4) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

5) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақыға;

6) ақпараттық жұмысқа;

7) жалақыны ішінара субсидиялауға;

8) көшуге субсидия беруге;

9) жастар тәжірибесіне;

10) тұрғын үйді жалға алуға (жалдауға) және коммуналдық шығындарды өтеуге;

11) қоныс аударушыларға жаңа бизнес-идеяларіске асыру үшін гранттарға;

12) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

13) кепілді әлеуметтік пакетке;

14) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс бес жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізуге;

15) мемлекеттік әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;

16) мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

17) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге;

18) техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар тізбесін кеңейтуге;

19) "Spina bifida" диагнозымен мүгедек балаларды бір рет пайдаланатын катетарлармен қамтамасыз етуге;

20) "Береке" шағын ауданында сыртқы инженерлік желілері бар және аумақты абаттандырумен 128 пәтерлі №1 тұрғын үй құрылысына;

- 21) "Береке" шағын ауданында сыртқы инженерлік желілері бар және аумақты абаттандырумен 128 пәтерлі №2 тұрғын үй құрылысына;
  - 22) Солнечный-2 кенті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға, 2-і кезек, электрмен жабдықтауға;
  - 23) "Береке-2" шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайластыруға 2Ду 800 миллиметр (резервтеуші бөгет салу ТМ-1 (ТК-1-10) арасында және ТМ-3 (УН-3-12а);
  - 24) "Жас Өркен" шағын ауданында Жабаяев-Парфирьев-Парковая-Крылов көшелері шекарасындағы жапсарлас шағын орталықтары бар № 1 көп пәтерлер тұрғын үйге; № 2 ; № 3 - 64 пәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылым салуға және аумақты абаттандыруға;
  - 25) Солнечный-2 кенті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға, 2-і кезек, сумен жабдықтау желілері және автомобиль жолдары;
  - 26) "Береке – 2" шағын ауданы мекенжайы бойынша кварталішілік инженерлік желілерді жобалауға, аумақты абаттандыруға;
  - 27) "Жас Өркен" шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайластыруға, 2-і кезек, телефондандыру;
  - 28) "Южный" шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын, сумен жабдықтау желілерін және автомобиль жолдарын дамыту және жайластыру;
  - 29) "Жас Өркен" шағын ауданында шағын орталықтарымен 9 қабатты 332 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысына, түзету (сыртқы электр желілерінсіз);
  - 30) Потанин көшесі, Театральная көшесінен Малышев көшесіне дейін мекенжайы бойынша көше жарығын қайта жаңартуға;
  - 31) КСС-3-тен өздігінен ағатын коллекторды сөндіру камерасына дейін диаметрі 500 миллиметр қысымды коллекторды қайта жаңарту;
  - 32) Есіл өзенінің дюкер өткелінен кәріздік тазарту құрылыстарына дейін диаметрі 1000 миллиметр Солтүстік қысымды коллекторды қайта жаңарту;
  - 33) мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге.
6. 2020 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер мен кредиттердің түсуі есепке алынсын, соның ішінде:
- 1) мүлікті коммуналдық меншікке сатып алуға;
  - 2) білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы жұмысы үшін бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;
  - 3) мектеп педагог-психологтарының лауазымдық жалақыларының мөлшерін ұлғайтуға;

- 4) ағылшын тілінде жаратылыстану- математикалық ғылым пәндерін оқыту үшін қосымша ақы;
- 5) магистр дәрежесі бар мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;
- 6) жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін қосымша ақы төлеу;
- 7) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;
- 8) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру қызметкерлеріне дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;
- 9) педагог қызметкерлердің 42 күнтізбелік күнге ұзақтығы 56 күнге дейін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын ұлғайтуға;
- 10) мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 11) терроризмге қарсы қауіпсіздік (білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз ету);
- 12) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің 42 күнтізбелік күнге ұзақтығы 56 күнге дейін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын ұлғайтуға;
- 13) оқулықтар сатып алу және жеткізу;
- 14) білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеу;
- 15) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс бес жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізуге;
- 16) әлеуметтік қолдауға тұрғындық сертификаттар ұсыну үшін бюджеттік несиелер;
- 17) 2-ші Первомайская көшесіндегі 93-пәтерлі № 1 тұрғын үй құрылысы;
- 18) 2-ші Первомайская көшесіндегі 93-пәтерлі № 2 тұрғын үй құрылысы;
- 19) Жамбыл-Крылов-Горький-Б. Петров көшелері бойынша көп қабатты қала құрылысы тұрғын үй кешенін салу (сыртқы инженерлік желілері жоқ 12 қабатты тұрғын үй), 1 кезек;
- 20) Жуков көшесіндегі 78 пәтерлі № 1 тұрғын үй құрылысы;
- 21) "Береке" шағын ауданында 75 пәтерлі № 1 тұрғын үй құрылысы;
- 22) жаңа тұрғын үй құрылысы салынатын жерлерде тұрғын үйлердің құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- 23) "Береке-2" шағын ауданында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру (ТМ-1 (ТК-1-10) және ТМ-3 (УН-3-12а арасында 2ДУ 800 миллиметр резервтеуші бөгет салу));
- 24) Чкалов-Ш. Уәлиханов-Ғ. Мүсірепов-Н. Назарбаев көшелері шекарасында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу (жылумен жабдықтау, кәріз, телефондандыру желілері);

25) Промышленная-Жуков көшелері бойынша ТП-405-тен ТП-5-17-ге дейін 2Ду 1000 миллиметр жылу магистралінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;

26) Ш. Уәлиханов көшесі-Чкалов көшесі мекен-жайы бойынша 900 оқушыға арналған жалпы орта білім беретін мектеп салу (сыртқы инженерлік желілер және аумақты абаттандыру);

27) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру;

28) азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету;

29) сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі;

30) көшелерді жарықтандыру;

31) ғимараттардың қасбеттерін жарықтандыру;

32) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саябағын қайта жаңарту;

33) Потанин көшесі мекенжайы бойынша Театральная көшесінен Малышев көшесіне дейін көше жарығын қайта жаңарту;

34) "Береке" шағын ауданындағы саябақты абаттандыру;

35) Брусиловский көшесі бойындағы саябақты абаттандыру;

36) Хименко-Жәлел Қизатов атындағы көшесі бойындағы саябақты абаттандыру;

37) "Жас Өркен" шағын ауданындағы 500 орындық театр аумағын абаттандыру;

38) қаланы абаттандыру;

39) қаланы көгалдандыру;

40) ғимараттардың қасбеттерін сырлау;

41) Потанин көшесінің Театральная көшесінен Малышев көшесіне дейін көше жарығын қайта жаңарту;

42) Есіл өзенінің дюкер өткелінен кәріздік тазарту құрылыстары дейін Солтүстік қысымды кәріз коллекторын 1000 миллиметр қайта жаңарту;

43) КСС-3-тен өздігінен ағатын коллекторды сөндіру камерасынан дейін диаметрі 500 миллиметр арынды коллекторды қайта жаңарту;

44) Алматинская көшесі бойынша Жұмабаев көшесінен Гоголь көшесіне дейінгі 500 миллиметр диаметрмен суағарды қайта жаңарту;

45) Жұмабаев көшесі бойынша Попов көшесінен Ульянов көшесіне дейінгі 800 миллиметр диаметрмен суағарды қайта жаңарту;

46) Уәлиханов көшесінен Я. Гашек даңғылына дейінгі Шухов көшесіндегі 500 миллиметр диаметрмен суағарды қайта жаңарту;

47) Жуков көшесіндегі Промышленная көшесінен солтүстік торларға дейінгі кәріз коллекторын қайта жаңартуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;

48) Вокзал маңы алаңын қайта жаңартуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;

49) Вокзал маңы алаңын қайта жаңарту;

- 50) Нефтепроводная, 1 көшесіндегі ғимаратты қайта құру;
- 51) Парковая, 57 "В" көшесі бойынша ғимаратты қайта құру;
- 52) 5 Сенная өтпе жолы, 59 бойынша ғимаратты қайта құру;
- 53) жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу;
- 54) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу;
- 55) қаланың Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу үшін елді мекендерді дамытудың кезекші жоспарларының ақпараттық ресурстарын әзірлеу;
- 56) "Жас Өркен" және "Шығыс" шағын аудандарын жоспарлаудың егжей-тегжейлі жоспарларын жасау;
- 57) тротуарларды ағымдағы жөндеу және орнату;
- 58) аулаішілік аумақтарды жөндеу;
- 59) қиыршық тас жамылғысын орнату;
- 60) қалалық тасымалдарды субсидиялау;
- 61) Набережная көшесі, 27а мекенжайы бойынша орналасқан тау шаңғысы орталығына сумен жабдықтаудың сыртқы желілерін салу;
- 62) Панфилов көшесі, Яков Степанович атындағы көшесінен Побелянский көшесінен Караванная көшесіне дейін мекенжайы бойынша ашық нөсер канализациясын қайта жаңарту;
- 63) Украинская көшесі, Яков Степанович атындағы көшеден Побелянский көшесінен Караванная көшесіне дейін мекенжайы бойынша ашық нөсер канализациясын қайта жаңарту.

7. 2020 жылға арналған қалалық бюджет шығыстарында 6 614 290 мың теңге көлемінде субвенция есепке алынсын.

8. 2020 жылға арналған қаланың жергілікті атқарушы органының резерві 448 633,5 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 20.10.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 23.11.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен**

8-1. 2020 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен қала бюджетінің шығыстарын 3-1-қосымшаға сәйкес көзделсін.

**Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 19.03.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық  
мәслихат сессиясының*

*Т.Токмухамбетов*

төрағасы

Петропавл қалалық  
мәслихат хатшысы

А.Бердагулов

Қалалық мәслихаттың  
2019 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 1 шешіміне 1-қосымша

## 2020 жылға арналған Петропавл қаласының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 20.10.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 23.11.2020 № 1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен

Санаты			Сома (мың теңге )
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1)Кірістер	4 8 310 181,4
1		Салықтық түсімдер	1 4 640 745
03		Әлеуметтік салық	6 929 125
	1	Әлеуметтік салық	6 929 125
04		Меншікке салынатын салықтар	2 134 950
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1 437 950
	3	Жер салығы	135 000
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	562 000
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5 438 670
	2	Акциздер	4 980 320
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	157 000
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	291 450
	5	Ойын бизнесіне салық	9 900



08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	138 000
	1	Мемлекеттік баж	138 000
2		Салықтық емес түсімдер	105 800
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7 0 800
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	7 0 800
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 5 000
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 5 000
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 666 574,6
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 563 574,6
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 563 574,6
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	103 000
	1	Жерді сату	8 5 000
	2	Материалдық емес активтерді сату	1 8 000
4		Трансферттердің түсімдері	3 1 897 061,8
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 1 897 061,8
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 1 897 061,8
Функционалдық топ			Сума (мың теңге )
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама		
		Атауы	
		2) Шығындар	
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 031 681
112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	2 5 513,2

	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 3 452,8
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 060,4
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	637 630,3
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	631 630,3
	009	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 000
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	188 790,5
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 8 016,5
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	9 800
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 974
	028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	138 000
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2 7 977
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 6 977
	061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	1 000
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	4 0 877
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 0 877
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	110 893
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	110 893
02		Қорғаныс	4 8 875,9
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4 8 875,9
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4 8 875,9
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	118 094,6
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	118 094,6
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	118 094,6

04		Білім беру	1 4 819 460,4
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 4 645 994,9
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 3 416
	003	Жалпы білім беру	1 0 103 075,1
	005	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	331 175
	006	Балаларға қосымша білім беру	352 752
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	3 307 446
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7 4 485,5
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	1 231,1
	023	Әдістемелік жұмыс	6 2 596
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	8 8 897,4
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	260 920,8
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	173 465,5
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	173 465,5
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 529 538,2
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 1 141,6
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	3 7 659
	031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	3 482,6
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2 487 196,6
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	115 911,4

	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	655 451,9
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	630 529,8
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	5 937,4
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	298 469,2
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	5 196
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	5 060
	013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	8 1 870
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	155 291,2
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	8 7 382
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 017,2
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	4 9 366,1
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	229 514,4
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 720
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	159 480
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 200
	097	Сенім білдірілген агенттің тұрғын үй сертификаттарын беру бойынша ( бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау) қызметтеріне ақы төлеу	1 200
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 0 684 141,9
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 7 788 258
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	1 2 568 763,3
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және ( немесе) жайластыру	5 219 494,7
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 2 784 888,7

	002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	1 774 524
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	4 5 300
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	2 000 000
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	920 331
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 137 891,1
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	960 000
	017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	2 0 000
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	2 455 744,5
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	7 5 000
	028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	182 709,3
	029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	730 294,5
	041	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу және абаттандыру	727 779,7
	048	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	1 755 314,6
479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	2 4 168,2
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 4 168,2
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	2 0 593
	024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	2 0 593
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 6 234
	026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	6 6 234
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	494 421,1
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	160 708

	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	160 708
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	4 041
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4 041
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6 0 416,4
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	5 8 669
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 747,4
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	6 3 520,8
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 3 520,8
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	2 0 930
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 0 030
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	900
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	105 529,4
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 3 216
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2 1 313,4
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 9 275,5
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 7 640,5
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 635
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	6 0 000
	008	Спорт объектілерінің дамыту	6 0 000
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	5 2 073,4
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	4 5 724
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 5 724
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	6 349,4

	005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 611
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	3 340
	012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	83,4
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	315
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	183 757
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	183 757
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 8 757
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	9 5 000
12		Көлік және коммуникация	4 741 754,7
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 741 754,7
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	267 717,3
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 244 474,6
	024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	7 5 562,8
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	154 000
13		Басқалар	853 354
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	448 633,5
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	448 633,5
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	111 717,7
	026	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	111 717,7
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	136 415,1
	043	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	136 415,1
	479	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	156 587,7
	065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	156 587,7
14		Борышқа қызмет көрсету	157 369

452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	157 369
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	157 369
15		Трансферттер	1 218 216,5
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1 218 216,5
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	3 3 180,6
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1 061 210
	054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	123 825,9
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	444 024
